

Түркістан облысы Қазығұрт ауданы  
«Алтын сақа» бөбекжай балабақшасы»



Тәрбиешісі: Оразбаева Ұлжан

## «Алтын күз әсем айналам, Еліне береке сыйлаған»

Такырыбында ертенгілік сценаріі.

**Жүргізуші:** Армысыздар қадірлі қонақтар! Ата-аналар сүйікті де сүйкімді балабақша бүлдіршіндері. Бүгін біз жыл мезгілінде ең тамаша-«Алтын күз әсем айналам, Еліне береке сыйлаған» атты ертенгілігімізге қош келдіңіздер!

Бұлттар төгіп жерге шөгіп

Шөп сарғайып, өңі тайып.

Дала сұры қашады,

Бой жаза алмай, ойнай алмай,

Денең мұздап тонады,

Бөбектерім айтыңдаршы

Бұл қай кезде болады? (Балалардың жауабы күзде болады)

Сұрақ жауап:

1.Күзде жапырақтардың түсі қандай болады?

2.Күзде табиғат құбылысы қандай болады?

**Жүргізуші:**

Ал балалар, балалар,

Енді бері қараңдар

Бізге қонақ келмекші

Сендерді бір көрмекші.

Әуелі жұмбақ жасырам

Кулығымды асырам

Табалсандар шешімін

Қонағымды ортаға шақырам.

**Жұмбақ:**

Көк майсалы көрікті,

Алқаптағы көп егін,

Бұл күндері киіпті,

Сары жібек көйлегін-бұл не балалар?

**Күз ханшайымы**

Сәлем менің достарым,

Өмірге көп қосқаным

Күз сыйлығын алыңдар

Сыйлығына қараңдар

Молшылыққа кенеліп

Алтын күз әні хор балалардың орындауында

**Тақпақтар**

**Өркен:** Алтын сары қызыл көк

Алуан – алуан жапырақ

Ағаштардан жамырап

Ұшты кенет жапырақ.

**Н Айым**

Күздің қазан айында.

Алма, алмұрт піседі

Жапырақтар сарғайып.

Сыбдыр-сыбдыр түседі.

**Балым**

Қамба толды астыққа.

Алғыс саған алтын күз

Бір уыс дән шаштықта.

Қап қап қауын алдық біз.

Аюбхан  
Күзім- ау күзім- ау  
Мінезің бұзық -ау  
Жаңбырың сіркіреп  
Келгенің кызық ау.

С Азамат  
Берекесін сыйлауға  
Өлкемізге күз келді  
Жемістерін жинауға  
Шақырады біздерді.  
Даяна  
Алақай Алақай  
Шаттанды балақай  
Күз түсті дән пісті

Айтамыз алғысты

### **Жақсылық**

Қуандырып біздерді

Мерекелі күз келді

Кел, жемісті алтын

Кемелденсін халқымыз.

### **Ерсұлтан**

Жапырақ ұшты  
Суық та түсті  
Сонда да бізге  
Қызық көп бізге

Ұлжарқын  
Молшылыққа бөленген  
Күз айы неткен ырысты ең  
Біздерді қауыштыратын  
Ыстық ұя мектеппе  
Би қолшатыр биі

### **Гүлім қарбыз**

Көрсен егер бакшада  
Доп екен деп қала  
Шөл қандыр қарбызбын  
Ерте үзіп алма

### **Нүрділда қияр**

Көктеп ерте шырмалып  
Өсемін мен бүр жарып  
Атым қияр теріп ал  
Жиі жиі суарып

### **Құралай қызылша**

Ақ түсім бар қант деген  
Қызыл түсім қанға нәр  
Зияным жоқ біліп қой  
Қызылшасын пайдам бар  
Асланбек

Сап сары маңай  
Сап сары тоғай  
Соңғы әнін айтып  
Құс кетті қайтып



**1 Пияз Нүридин**

Асханадан шыкпаймын,  
Атым –пияз бүкпаймын.  
Көзден жасты шығарып.  
Тұмаудан бірақ сақтаймын.

## 2 Сәбіз Абылай

Өсіретін бойынды,  
Дамытатын ойынды.  
Қоянға да азықпыз-  
Сәбіздерміз жазықсыз.

Қауын ;Рамазан

**Иісім жұпар аңқыған**

**Бақшадағы шырынмын.**

**Жеп көргендер тамсанған**

Балдай тәтті қауынмын

## 5 Алма Азамат

Пісіп тұрған алмамын,  
Тамсандырар бал дәмім.  
Жерге сілкіп түсірме,  
Ісіп кетер маңдайың.

## Жүзім Зере

Мен жүзімін, жүзімін  
Моншақ болып тізілдім

А Айару шиє  
Мен моншақты шиємін  
Құмарсындар білемін  
Кетіп қалып жүрмесін  
Тамағыңа сүйегім  
Балалардың орындауында би жентельмен  
Ендігі кезекте сән үлгісі сұлу қыздарымыздың



**Жүргізуші.**

Ән салыңдар күліңдер  
Жайнап гүлдей жүріңдер.  
Күздің тойын тойлайық

Ән салайық ойнайық-деп кезегімізді әнге берейік. Кап кап дон дон әні орындайтын «Құлыншақ» тобы.

**Күз ханшайымы:** Керемет! Қандай әдемі!

**Жүргізуші:** Енді ортаға қыздарымыз «Қолшатыр биімен шығады»

**Күз ханшайымы:** Қандай керемет! Балалар менің басқа балабақша бүлдіршіндеріне баратын уақытым болыпты. Мен енді кетейін. Сау болып тұрыңдар! Келесі кездескенше аманшылық болсын.

**Жүргізуші:** Күз ханшайымының сыйы жемістерден дәм тататын кез келген сияқты, тобымызға баруға жиналайық.

**Құрметті ата-аналар бүгінгі «Алтын күз әсем айналам, еліне береке сыйлаған» атты ертеңгілігімізді аяқтай отырып, күз берекелі, астықтты болсын демекпіз.**